

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1212 Қаулысы
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 2 1 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссиясы мен пайымдауы

М и с с и я с ы

Елдің өңірлік держава ретіндегі саяси ұстанымы.

Қазақстанның сыртқы шекараларының периметрі бойынша қауіпсіздік тетіктерін
н ы ғ а й т у .

Қазақстанды өңірдегі негізгі ойыншыға айналдыру.

Мемлекеттік органдардың сыртқы саясат саласындағы күш-жігерін үйлестіру.

Пайымдауы

Қазақстандық қоғамды тиімді және орнықты дамыту үшін қолайлы сыртқы саяси
ортаны қалыптастыру, Қазақстанның бәсекелестікке анағұрлым қабілетті елу
м е м л е к е т т і ң қ а т а р ы н а к і р у і .

Шетелде Қазақстанның ұлттық мүдделерін, азаматтары мен заңды тұлғаларын
т и і м д і т ү р д е қ о р ғ а у .

Тиісті нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру.

Халықаралық құқықтың базалық қағидаттарын ықтимал қайта қарау жағдайында
халықаралық қарым-қатынастың өзгеріс үстіндегі сәулетіне қатысты елдің сыртқы

Жаһандық және өңірлік белсенді ойыншы сипатында Қазақстанның ұстанымы.

2.2. Ағымдағы ахуалға талдау жасау

Қазақстан Республикасының егемендігі мен қауіпсіздігін дипломатиялық жолдармен қамтамасыз ету, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті сақтау

Республиканың ұлттық қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету Қазақстанның сыртқы саясатының өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыда мемлекеттік шекараны делимитациялауды және демаркациялауды жеделдетіп аяқтаудың және Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындаудың маңызды стратегиялық мәні бар.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау Қытай Халық Республикасымен ғана толық аяқталған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын халықаралық-құқықтық тұрғыдан ресімдеу жөніндегі жұмыс Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен, Өзбекстан Республикасымен және Қырғыз Республикасымен жалғасуда.

Мемлекеттің қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ету тұрғысында Каспий теңізіндегі аумақтың шекара жігін ажыратуға байланысты мәселелерді реттеу және биологиялық, сондай-ақ минералдық ресурстарды игеруге, кеме қатынасына, қоршаған ортаны қорғауға қатысты қызметті тәртіпке келтіру аса маңызды болып табылады. Бұл міндет Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындау жөніндегі бесжақты келіссөздер шеңберінде шешілуде (Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны әзірлеу жөніндегі Арнайы жұмыс тобы).

Каспий өңіріндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау мақсатында Қазақстан Республикасы Каспий теңізіндегі қару-жарақтың тұрақты тепе-теңдігін орнатуды және олардың санына бақылау жасау жөніндегі бесжақты тетікті құруды дәйекті түрде жақтайды, мұның өзі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тағы да бір кепілі және жанжалдардың алдын алудың сенімді құралы болуы тиіс.

Мемлекетаралық ашық жанжалдардың қауіп-қатері азайған жағдайда халықаралық терроризм, экстремизм, ұйымдасқан қылмыс, есірткі трафигі, заңсыз көші-қон және басқалары сияқты "жаңа" сынақтар үлкен қауіп туғызады.

Мұндай ахуалда өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету - Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі - БҰҰ), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (бұдан әрі - АӨСШК), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (бұдан әрі - ШЫҰ), Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ЕҚЫҰ), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (бұдан әрі - ҰҚШҰ) және басқалары сияқты халықаралық құрылымдардың шеңберіндегі ұжымдық күш-жігер арқылы ғана мүмкін болады.

Жоғарыда аталған форумдардың ішінде АӨСШК мен ШЫҰ өңірлік нақтылықтарға жақындаушылар ретінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде мақсаттарымызға

қол жеткізу үшін оңтайлы алаңдар болып табылады. Сондай-ақ ашық жанжалдарға қарсы іс-қимыл жасау үшін құрылған АӨСШК және ШЫҰ-ның экономикалық, экологиялық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық үшін әлеуеті бар екендігін ескеру қажет.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Азиядағы және одан тысқары жерлердегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды буынына айналды. Оған екі өңірлік державаның - Ресей мен Қытайдың мүшелікке өтуінің өзі - ықпал етудің басқа да әлемдік орталықтарының, ең алдымен АҚШ-тың тарапынан ерекше қызығушылық туғызды. Осы мағынада күш тепе-теңдігін одан әрі сақтау үшін Қазақстанның алдынан кең ауқымды келешек ашылады. Оның үстіне АӨСШК мен ШЫҰ арасында байланыстарды дамыту қажет, өйткені екі ұйым да аса жақын мақсаттарды көздейді.

2009-2010 жылдар кезеңінде еліміздің АӨСШК-ге және 2010 жылдың ортасынан бастап бір жыл бойы ШЫҰ-ға төрағалық етуі Қазақстан қызметінің басымдықтары болып табылады. Осыған байланысты мынадай міндеттер тұр:

АӨСШК-нің Сенім шаралары каталогының кезең-кезеңімен орындалуын жүзеге асыру. Сенім шаралары жөнінде құжаттар пакетін қабылдау күтіп тұр, мұның өзі экономикалық, экологиялық және гуманитарлық өлшемдерде, сондай-ақ жаңа сынақтар мен қауіп-қатерлерге қарсы күрес саласында пилоттық жобаларды іске қосуға мүмкіндік береді;

жергілікті жанжалдардың туындау тәуекелін төмендете отырып, АӨСШК мен ШЫҰ-ның шарттық-құқықтық базасын одан әрі нығайту. Сенім білдіру, ынтымақтастық және осы заманғы қыр көрсетулер мен қауіп-қатерлерге бірлесіп қарсы тұру кеңістігін Азияда қалыптастыруда ілгерілеу қажет;

2010 жылы өтетін АӨСШК-нің 3-саммитінің сапалы мазмұнын қамтамасыз ету. 20-дан астам азиялық мемлекеттер қатысатын осы іс-шарада үдерістің даму жолдарын айқындайтын саяси құжат қабылданатын болады;

2011 жылы Астанада ШЫҰ-ның мерейтойлық Саммитін ұйымдастыру және өткізу. Іс-шараның нәтижелері бойынша Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының он жылдығы декларациясы қабылданатын болады. Құжат "Шанхай бестігінің" толыққанды халықаралық ұйымға айналу кезінен бастап, осы кезең ішіндегі қызметін қорытындылайтын болады және алдағы онжылдыққа арналған басымдықтарын белгілейді;

Азиялық өңірде Форумның қажеттілігін ұлғайту үшін АӨСШК үдерісіне жаңа қатысушыларды тарту жөнінде жұмысты жүргізу. 2009-2011 жылдары бірқатар азиялық мемлекеттерден (Катар, Сауд Арабиясы, Оман, Сирия, Индонезия, Бруней және басқалары) Кеңеске толыққанды мүшелікке өтуге өтінімдер түседі деп күтілуде.

Осындай жолмен АӨСШК мен ШЫҰ жұмыстарының мақсаты азиялық қауіпсіздік сәулетін қалыптастыру үшін алғышарттар құру болып табылады.

2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиға Ислам әлемі мен Батыс арасындағы

қарым-қатынасты тұрақсыздандыруға әкеліп соқты. Мұның салдары әлемде діни экстремизмнің өсуі болды, 90-шы жылдардағы оқиғалар көрсеткеніндей бірқатар Орталық Азия елдеріндегі экстремизм өңірлік және ұлттық қауіпсіздікке елеулі қауіп-қатер туғызады. Осындай жағдайларда этникааралық және конфессияаралық төзімділіктің жоғары деңгейі бар ел ретінде Қазақстан діндердің диалогы бастамасымен шықты. Бұл іс жүзінде Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің екі съезін Қазақстанда өткізу арқылы іске асты. Осы бастама өз кезегінде "Мұсылман әлемі - Батыс" диалогын саяси деңгейде ұйымдастыру үшін негіз болды. 2008 жылғы күзде Астанада бірқатар мұсылман және батыс мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің "Ортақ әлем: әралуандық арқылы прогреске" атты тұңғыш кездесуі өтті.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ықпалдастығының тиімділігін көтеру

Халықаралық танудың жаңа деңгейі Қазақстанға жауапкершіліктің жаңа деңгейін жүктейді. Біздің еліміз ұсынған бастамалар қолдау тапты және Арал экологиясы, ауыз судың жетіспеуі, өңірдің орнықты дамуының мәселелері, жаңа қыр көрсетулер мен қауіп-қатер алдында қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық сияқты өңіріміздің өзекті проблемаларына назар аудар тты.

Алайда өзінің геосаяси жағдайына және экономикалық әлеуетіне байланысты Қазақстан өңірлік проблемалармен шектеліп қалмайды.

Бұдан былай да көп векторлы принциптерді ұстану, барлық мемлекеттермен достастық және болжамданатын өзара қарым-қатынасты дамыту, көршілермен және әлемнің: Ресей, ҚХР, АҚШ сияқты жетекші елдерімен, ЕО, ОА, Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен өзара тиімді қарым-қатынасты т е р е н д е т у қ а ж е т .

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (бұдан әрі - ЭЫҰ), ШЫҰ, АӨСШК, Түркітілдес мемлекеттердің мәдениет және өнер жөніндегі ұйымы (бұдан әрі - ТЮРКСОЙ), Азиядағы ынтымақтастық диалогы (бұдан әрі - АЫД), ЕҚЫҰ және ИКҰ сияқты ұйымдардың хатшылықтарында төрағалық ету және басшылық жасау Қазақстанның өсе түсіп отырған беделі мен маңыздылығының куәсі бола отырып, жаңа сыртқы саяси жүйені қалыптастыру үшін және үлкен өңірлік және халықаралық субъектілікке қол жеткізу үшін алғышарттар жасайды.

"Қазақстан халқының әл-ауқатын көтеру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты 2008 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы "Еуропаға жол" бастамасымен шықты. Оны құрудың қажеттілігі Қазақстанның ішкі дамуының өзекті міндеттерін шешудің, еуропалық бағытта ұлттық басымдықтарды әзірлеудің, интеграция мен институционалдық-құқықтық реформалардың еуропалық тәжірибесіне қосылудың, технологиялық, энергетикалық, көліктік, сауда және инвестициялық ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығынан көрінеді. Осындай Бағдарламаны және жоғарыда аталған салаларда 127 іс-шарадан

тұратын тиісті Жоспарды Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен бірлесіп әзірлеген болатын. Бағдарламаның негізгі мақсаты жетекші еуропалық елдермен стратегиялық әріптестікті орнату деп белгіленді. Бірінші осындай әріптес Франция болды, Франциямен Стратегиялық ынтымақтастық туралы шартқа Президент Н. Назарбаевтың сапары барысында 2008 жылғы маусымда қол қ о й ы л д ы .

Бағдарламаның пайда болуы - көп жағдайда, Еуропалық Одақтың Орталық Азиямен және Қазақстанмен өзара ықпалдастығының негізгі бағыттарын қамтитын "Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы жаңа әріптестік стратегиясын" 2007 жылғы маусымда ЕО саммитінде қабылдауына негізделді. Мақсатты "жол карталарын" әзірлеу , басым жобалардың тізімін айқындау, спецификалық тақырыптар бойынша еуропалық әріптестермен тұрақты кездесулер өткізудің тәжірибеге енуі үшін диалог шеңберін к е ң е й т у қ а ж е т .

Осы Бағдарлама шеңберінде оның анағұрлым маңызды бағыты Қазақстанның ЕҚЫҰ-да 2010 жылы табысты түрде төрағалық етуін қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанның алдында мынадай міндеттер тұр:

2010 жылы төрағалық етудің басымдықтарын талдап жасау. Төрағалық қызметінде басымдықты бағдарлардың тізбесі бар, Қазақстанның тірек болатын бағдарламалық қ ұ ж а т т ы ж а с а у ы қ а ж е т ;

ЕҚЫҰ-ның Мадридтегі Сыртқы істер министрлері кеңесінің (2007 жылғы 29-30 караша) шешімі негізінде Ауғанстанды әлеуметтік-экономикалық оңалту жөніндегі ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің іс-шараларында Қазақстанның басты рөліне қол жеткізу. 2009-2011 жылдары ЕҚЫҰ "Үштігінің" мүшесі бола отырып, Қазақстан ЕҚЫҰ-ның "ауғандық" бағдарламалары мен жобаларын іске асыруда негізгі рөл о й н а у ы т и і с ;

үш өлшем бойынша (әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық) негізгі шешімдерді қабылдау арқылы "Үштік" (Грекия, Қазақстан, Литва) жұмысының тиімділігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

2010 жылдың аяғында Астанада ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің (СІМК) отырысын жоғары деңгейде өткізу. Қазақстанның төрағалық етуінің тиімділігінің куәсі СІМК саяси (министрлер) декларациясын қабылдау болуы тиіс, мұндай құжат елдер топтары арасындағы карама-қайшылыққа байланысты 2003 жылдан бері қабылданған жоқ;

ЕҚЫҰ-ның орталық органдары мен миссияларында ҚР-дың тиісті өкілдігін қамтамасыз ету (оның ішінде ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдер сайлауларындағы бақылаушылар миссияларында). Осыған байланысты біздің алдымызда ЕҚЫҰ-ның қызметіне, оның ішінде 2011 жылдан кейінгі кезеңде Қазақстанның тұрақты қатысуын қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е м і н д е т т ұ р .

ЕҚЫҰ-да Қазақстанның төрағалық етуін табысты түрде іске асыру әлемнің

бәсекелестікке неғұрлым қабілетті 50 елінің қатарына Қазақстанның кіруіне қатысты міндетті шешуге жәрдемдесетін болады.

ҚР-дың сыртқы саясатының тепе-теңдігін қолдау, оның азиялық және таяушығыстық бағыттарын күшейту Ислам Конференциясы Ұйымы (бұдан әрі - ИКҰ) шеңберінде мұсылман әлемі елдерімен ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі. Осы ұйымда Қазақстанның мүшелікте тұруы Қазақстанның бірқатар сыртқы саяси бастамаларын іске асыруға жәрдемдеседі, жаһандық халықаралық ұйымдарда ИКҰ-ға мүше елдер тарапынан Қазақстанға қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді, мұсылман әлемі елдерінен инвесторларды экономикалық ынтымақтастық шеңберіне тартуға және Ұйымның, сондай-ақ Ислам Даму Банкінің қаржылық бағдарламаларын Қазақстанда іске асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Ресейдің 2007-2008 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қабылдау екі жақты Қазақстан-Ресей қарым-қатынасында жаңа жүйе түзуші фактор болды, онда таяудағы болашаққа арналған бірлескен жұмыстың негізгі параметрлері белгіленген. Оның уақтылы орындалуы үшін мейлінше күш-жігер жұмсау қажет, бұл жерде КҚК-нің өткізу мүмкіндігін кеңейту мәселелеріне және қазақстандық тараптың "Бургас-Александруполис" мұнай құбырының құрылысы жобасына қатысуына, "Бәйтерек" жобасын іске асыруға, халықаралық ғарыш станциясына ұшу үшін халықаралық ғарыштық экипаждарға қазақстандық ғарышкерлерді енгізуге, "Байқоңыр" кешені бойынша шарттық-құқықтық базаны жетілдіруге, сондай-ақ Ертіс және Жайық өзендерін пайдалану төңірегіндегі проблемаларға айрықша назар аудару керек.

Аталған құжатты пайдаланудың оң сипатты тәжірибесін ескере отырып, Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресейдің 2009-2011 жылдарға арналған бірлескен іс-қимылының жоспарын дайындау жөніндегі жұмысты бастауға тапсырма берді, онда стратегиялық сипаттағы негізгі бағыттар көрініс табатын болады.

Қытай Халық Республикасы Қазақстанның Азиядағы басымдық берілетін саяси және экономикалық әріптесі болып қала береді. ҚР Сыртқыісмині Қазақстан-Қытай газ және мұнай құбырларының, "Қорғас" шекаралық ынтымақтастық халықаралық орталығының құрылысын салу, ынтымақтастықтың басқа да ірі жобаларын іске асыру мәселелерін, сондай-ақ трансшекаралық өзендердің суын бөлу, судың сапасын бақылау мен ластануын болдырмау, заңсыз көші-қонның алдын алу, екі жақты сауда айналымының құрылымын оңтайландыру мәселелерін тұрақты бақылауда ұстайтын болады.

2015 жылы өзара сауда-саттық көлемін 15 млрд. долларға жеткізу жөніндегі екі елдің басшылығы қойған міндет келесі жылы орындалатын болады.

Сауда айналымының бұдан былайғы өсімі қосылған құны жоғары тауарлардың үлесін ұлғайту есебінен қамтамасыз етілуі тиіс. Осыған байланысты келесі кезеңде екі елдің шикізаттық емес секторларында ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру

арқылы экономикалық салада қарым-қатынасты дамытуға маңызды рөл беріледі.

Екіжақты қарым-қатынастың бүкіл спектрі бойынша Америка Құрама Штаттарымен стратегиялық әріптестік тереңдетіледі. Вашингтон Қазақстанды Орталық Азиядағы негізгі әріптес ретінде таныды. Инвестициялық және энергетикалық салалардағы өзара ықпалдастық ерекше маңыз алды. 2008 жылғы маусымда іске қосылған "Мемлекеттік-жеке меншік экономикалық әріптестік" атты қазақстандық-американдық бастама Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту үшін, оның ішінде әкімшілік кедергілерді жою үшін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қолайлы жағдайлар туғызуды мақсат тұтады.

Таяу болашақтағы негізгі басымдық Қазақстанға қатысты Джексон-Вэник түзетуінің іс-қимылын жою болып табылады, мұның өзі сауда-саттықта анағұрлым оңтайлы мәртебе алуға және Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кірудегі келіссөздер үдерісін АҚШ-пен аяқтауға мүмкіндік береді. Ядролық қаруды таратпау саласында АҚШ-пен ынтымақтастық Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғаумен бірге екіжақты ынтымақтастықтың негізі ретінде маңызын сақтауы тиіс.

Ауғанстанды қалпына келтіруге Қазақстанның анағұрлым кең ауқымда қатысуына Құрама Штаттардың мүдделілігін пайдалану орынды көрінеді. Ауғанстан бойынша жоспарды жүзеге асыру біздің еліміздің өңірдегі беделін көтереді, Вашингтонмен қарым-қатынаста ұлттық мүдделерді талап етуге қосымша аргументтер береді.

Осыны және басқа да міндеттерді АҚШ-тың жаңа Әкімшілігімен шешуімізге тура к е л е д і .

Қазақстанның Жапониямен қарым-қатынасы да жаңа сапалы деңгейге көтерілуде. Президент Н.Назарбаевтың 2008 жылғы маусымда Жапонияға жасаған сапары екіжақты саяси диалогты, сондай-ақ екі ел арасында инвестициялық және энергетикалық ынтымақтастықты тереңдетуге ықпал етті. Мәселен, атом саласындағы қарқынды дамып келе жатқан ынтымақтастық таяу жылдары қазақстандық уран өнімінің жапониялық рыноктағы үлесін 1-2%-дан 40%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Екіжақты ынтымақтастықтың, оның ішінде Қазақстан Республикасына алдыңғы қатарлы энергия үнемдеуші технологияларды тарту саласында жаңа бағыттарды ашатын Киото хаттамасын Қазақстанның ратификациялауы елеулі перспективалар ұсынады. Ауыл шаруашылығы, оның ішінде ҚР-дың агросаласына жапондық инновациялық технологияларды тарту саласында өзара ықпалдастық жаңа бағыт б о л у ғ а қ а б і л е т т і .

Әлемдегі геосаяси және экономикалық процестерде маңызды рөл ойнайтын Үндістан стратегиялық жоспар тұрғысында Қазақстан үшін елеулі қызығушылық туғызады. Қазақстан-Үндістан ынтымақтастығының өте үлкен резервтері бар және алдағы кезеңде өңірлік ынтымақтастықтың маңызды факторы болуға қабілетті. Осыған байланысты таяу болашақтағы қазақстандық дипломатияның маңызды міндеті Үндістанмен қарым-қатынасты стратегиялық әріптестік деңгейіне шығару болып

табылады, сауда-саттық, экономика және инвестиция саласында ынтымақтастықтың қазіргі бар мүмкіндіктерін толыққанды пайдаланудың маңызы зор. Мұнай-газ, фармацевтика, тоқыма, әскери-техникалық салаларда, ақпараттық технология саласында Үндістанмен өзара ықпалдастықтың айтарлықтай келешегі бар.

Қазақстан араб әлемінің жетекші мемлекеттерінің арасында саяси және экономикалық әріптестерінің шеңберін сенімді түрде кеңейтуде. Саяси диалогтың мазмұнды күн тәртібі, экономикалық мүдделердің кең ауқымының болуы, ҚР аумағында ауқымы ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка рыноктарына отандық өнімдерді ілгерілету, ғылым, білім, мәдени алмасу салаларында байланыстарды дамыту бүгінгі күні бізге осы елдермен қарым-қатынастың сапалы жаңа кезеңі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасқа зор маңыз береді, мұның өзі саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстардың тығыз өрілуімен байланысты.

Гидроэнергетика, көлік-коммуникация, мұнай-газ, агроөнеркәсіп және мәдени-гуманитарлық салалардағы инвестициялық ынтымақтастық өңір елдерімен Қазақстанның өзара ықпалдастығының басым бағыты болып қала береді.

Бүгінгі күні өңір елдерінде дағдарысты экономикалық құбылыстардың күшеюі, саяси және әлеуметтік тұрақсыздықтың белең алуы байқалады, бірқатар параметрлер бойынша өңірдің одан әрі бөлшектену үрдісі сақталып отыр. Дегенмен, ұлттық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуде корпоративті, өңірлік көзқарас қажет екені айқын.

Осыған байланысты Орталық Азия мемлекеттерінің Одағын құру туралы Н.Назарбаевтың бастамасын ілгерілету жөніндегі жұмысты жалғастыру, Қазақстанның өңірдегі саяси және экономикалық ұстанымын нығайту өзекті болып қала береді.

Қазақстан БҰҰ-ны әмбебап форум ретінде қарастырады, БҰҰ осы заманғы сынақтар мен қауіп-қатерлерге әлемдік қоғамдастықтың тиімді жауабын қамтамасыз ету ісінде орталық рөл ойнайды.

Жаппай қырып-жоятын қару-жарақтың тарауының, халықаралық терроризм мен діни экстремизмнің, есірткінің заңсыз айналымының белең алуының, климаттың жаһандық өзгеруінің, адам құқығын қорғаудың, азық-түліктің жетіспеуінің, қарулы қақтығыстардың және басқа да жаһандық сынақтардың трансконтиненталдық сипаты бар, оларға қарсы тұру БҰҰ шеңберінде барлық мемлекеттердің күш-жігерін біріктіру арқылы мүмкін болады.

Қазақстанның БҰҰ-мен ынтымақтастығын тереңдету халықаралық сахнада елдің ұстанымы мен беделін нығайтуға қызмет етеді. БҰҰ жүйесінің халықаралық ұйымдарының жаңа кіші өңірлік кеңселерін ашу және Орталық Азиядағы көпжақты дипломатияның өңірлік орталығы мәртебесін Алматыға бекіту сыртқы саяси басымдықтарды ілгерілетуге жәрдемдесетін болады. Осы бағытта біз БҰҰ-ның

Еуропалық Экономикалық комиссиясының Азия мен Тынық мұхит елдеріне арналған Экономикалық және Әлеуметтік комиссиясының (бұдан әрі - ЭСКАТО-БҰҰ ЕЭК), БҰҰ-ның Тұрғын халық қорының (бұдан әрі - ЮНФПА) және Есірткілерге қарсы күрес жөніндегі орталықазиялық өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығының (бұдан әрі - ЦАРИКЦ) кеңселерін Алматыда ашуға ниеттеніп отырмыз.

Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі ұлттық мүдделерді қорғауды қамтамасыз ететін және елдің одан әрі дамуына ықпал ететін интеграция саясаты болып қала береді. Осы тұрғыда ТМД-ның әлеуеті мен тиімділігін арттыру және ЕурАзЭҚ шеңберінде кедендік одақты қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау айрықша назар аударуды талап етеді.

ЕурАзЭҚ елдерінде экономикалық даму мен әлеуеттің деңгейлері әртүрлі, ұлттық экономикалық саясатты жүргізуде түрлі көзқарасты, ұстанымдарды және бағыт векторларын ұстанады. 2008-2010 жылдары Кедендік Одақты қалыптастыруды аяқтауға бағытталған және Кедендік Одақты қалыптастыру проблемаларын қысқа мерзімді келешекте шешуге бағдарланған Іс-қимыл жоспарын орындау ЕурАзЭҚ қызметінің негізгі бағыты болып табылады.

Қазақстан Республикасының шетелдердегі жеке және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету, сыртқы байланыстарды консулдық ресімдеу

Қазіргі уақытта бірқатар елдердің (АҚШ және ЕО), сондай-ақ Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының бастамасы бойынша әлемнің барлық мемлекеттерінің шетелдік паспорттарының қорғаныш деректеріне талап қатая түсуде. Паспортта биометриялық деректердің болуы - дамыған елдердің шекарасын кесіп өткен кезде шекаралық бақылау рәсімін жеңілдетеді. Осыған байланысты ҚР-дың тиісті органдары паспорттардың жаңа буынын әзірлеуді жоспарлауда.

ҚР ҰҚК Шекаралық қызметінің деректері бойынша жыл сайын шетелге 4 миллионнан астам ҚР азаматтары сапар шегеді, бұл ел халқының 20 пайызы дерлік к ө р с е т к і ш .

ҚР-дың шетелдік мекемелерінің консулдық есебінде 50 мыңға жуық ҚР азаматтары тұрады (тұрақты тұрғын орнына жол жүретіндер, келісім-шарт бойынша жұмыс істейтіндер, студенттер, тағылымгерлер, туристерді есептемегенде).

ҚР азаматтары сапарларының жағрапиясы уақыт озған сайын кеңеюде, ҚР Сыртқыісминіне Батыс Еуропа, Африка, Латын Америкасы, Оңтүстік Шығыс Азия және Австралия елдерінен консулдық жәрдем көрсету туралы сұрау салулар келіп т ү с у д е .

ҚР-дың шетелдердегі мекемелері әлемнің бар болғаны 58 мемлекетінде бар. Бұл ресурстар ҚР азаматтарының құқықтарын толыққанды қорғау үшін, оның ішінде шетелдіктер асырап алған, ҚР азаматтары - 5,5 мың баланың жағдайына мониторинг жү р г і з у ү ш і н ж е т к і л і к с і з .

Осыған байланысты Африка мен Оңтүстік Шығыс Азияны қоса алғанда, әлемнің бірқатар өңірлерінде ҚР-дың консулдық мекемелерінің санын ұлғайту қажеттігі т у ы н д а й д ы .

ҚР азаматтары Еуропа елдеріне сапар шеккен кезде Шенген визасын алуда қиындықтарға душар болатынын атап айту керек (визаларды ресімдеуге ұзақ мерзім кетеді). Осыны ескере отырып, Сыртқыісмині Еуропалық комиссиямен бірлесіп, ҚР азаматтары үшін ЕО елдерінің визалық режимін жеңілдету мәселесін пысықтауда.

Визалық рәсімдерді оңайлату мақсатында заңсыз көші-қон мен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласында, босқындар ісін тәртіпке келтіруде, паспорт деректерін қорғауды күшейтуде және шекаралық бақылауды басқаруда Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты жолға қою талап етіледі. 2011 жылы ҚР-ЕО арасында Визаларды ресімдеуді жеңілдету туралы келісімге қол қою жоспарлануда.

Сонымен бірге дипломатиялық және қызметтік паспорттары бар азаматтарды визадан босату туралы Еуропа елдерімен бірнеше халықаралық келісімдер пысықталу үстінде.

Шетелде Қазақстан Республикасының оң сипатты имиджін қалыптастыру және ілгерілету

Қазақстан өткен жылдар ішінде байсалды халықаралық бедел жинады және шетелдердің саяси, сондай-ақ қаржылық-экономикалық топтары арасында жақсы т а н ы л а т ы н д а й б о л д ы .

Сонымен қатар, басқа да мақсатты аудиторияларда (азаматтық сектор, жастар, т.б.), тұтастай алғанда, халықаралық ақпараттық кеңістікте және шетелдердің қоғамдық пікірінде Қазақстанды қазіргі тану деңгейі еліміздің әлеуетіне сәйкес келмейді және бірсыпыра кемшіліктер де жоқ емес.

Атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістердің серпінді дамуына қарамастан, БАҚ-та Қазақстан туралы үшінші әлем ретіндегі таптаурын, қасаң көзқарастар кеңінен пайдаланылады. Бұған қазақстан тақырыбының ғаламдық ақпарат кеңістігінде тым аз, үзіп-жарып берілуі, елімізде болып жатқан оқиғалар ақпараттық тұрғыда бұрмаланып немесе сыңаржақ көрсетілуі және де, мысалға, Қазақстанда және орталық азиялық өңірде әлемдік жетекші БАҚ өкілдігінің жеткіліксіз болуы сияқты өзге ф а к т о р л а р да ы қ п а л е т е д і .

Еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму жоспарлары Қазақстанның танымалдығын көтеру, оны әлемде оң тұрғыдан тануды қамтамасыз ету міндетінің өзектілігін арттырады, ал бұл еліміздегі болып жатқан үдерістерді кең ауқымда ақпараттық қолдау және халықаралық аренада сауатты имидждік жайғастыру арқылы ғ а н а м ү м к і н б о л м а қ .

Қазақстанның имиджі каншалықты түсінікті әрі халықаралық пікірге қабылданатын болса, ұлттық мүдделерді, елдің бәсекеге қабілеттілігін, соның ішінде инвестициялық және туристік тартымдылығын іске асыру дәрежесі де соған байланысты. Мұның кең

мағынадағы астарында Қазақстанның қазіргі әлемнің геосаяси және өркениеттік кеңістігінде лайықты орын алуы жатыр.

Көрсетілген міндеттерді шешу Қазақстанның объективті шындығын ескере отырып, ақпараттық күн тәртібіне деген көзқарастардың бірыңғай жүйесі негізінде мемлекеттік органдардың және барлық қоғамдық институттардың іс-әрекетін үйлестіру арқылы ғана мүмкін болмақ. Бұл келісілген коммуникативті стратегия әзірлеуді және соның негізінде Қазақстанның мүдделерін әлемге көрсету бойынша ұзақ мерзімді, пәрменді науқан жүргізуді талап етеді.

Келесі кезеңде стратегиялық жоспарлау мен ғаламдық және өңірлік ақпараттық кеңістікте коммуникативті үдерістерге түзетулер енгізу негізінде мемлекеттің имиджін басқару жөнінде жұмыс жүргізу моделіне көшу жоспарлануда.

Сонымен қатар, Қазақстанды ұлттық бренділеу міндеті өзекті болып табылады. Бұқаралық сана мен шетелдердегі қоғамдық пікірде Қазақстан туралы орнықты оң бейне мен ортақ пайымдау қалыптастыру стратегиялық мақсат болып табылады.

Брендіні шындықтан бөліп, жасанды түрде құруға болмайды, ол елдің брендісіне арқау болатын негізгі құндылықтарды жеткізуші болып табылатын азаматтардың санасында "өсіп-жетілуге" тиіс, сондай-ақ әлемдік рыноктарда жайғастыру кезінде Қазақстан үшін пікірлері маңызды болып саналатын елдердің тұрғындары санасында бірте-бірте нығаятын болады.

Елдік бренділеуді табысты жүргізудің әлемдік тәжірибесіне сүйенсек, біздің басымдықтарымыздың негізіне танымал және бірегей имидж жасауға мүмкіндік беретін мынадай үш нәрсе: мәдени-тарихи, аумақтық-географиялық және экономикалық құрамдар арқау болады.

Біздің имидждік жұмысқа деген көзқарасымыз барынша прагматикалық тұрғыда: инвестиция көлемінің өсуі, Қазақстанның ұстанымының нығаюы және халықаралық аренадағы беделінің артуы түріндегі нақты экономикалық және саяси қайтарымдарды күтеміз.

Көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін сыртқы саясат ведомствосының барлық әлеуетін және заманауи коммуникативтік технологиялардың кең арсеналын іске қосу жоспарлануда.

Қазақстанның әлемнің 58 мемлекетінде дипломатиялық өкілдіктері болуы, Қазақстан өкіметінің шешуші бағдарламалық құжаттары туралы хабардар етуді қоса алғанда, билік басындағы элитаармен тікелей ақпараттық байланысты пайдалануға мүмкіндік береді.

Осы жұмыстың шеңберінде шетелдерде мақсатты насихаттық іс-шаралар (баспасөз конференциялары, брифингтер мен шет елдердің және халықаралық ұйымдардың қоғамдық-саяси, іскер, сараптамалық топтарының өкілдерімен кездесулер), осы тақырыпқа ақпараттық кең ауқымды науқандар жүргізу одан әрі жалғаса береді.

Шетелдік ақпараттық әріптестермен өзара іс-қимыл жасау мақсатында Қазақстанда

болып жатқан оқиғаларды кеңінен жариялау үшін шетелдік жетекші БАҚ-тармен
ынтымақтастық жолға қойылған.

Журналистердің және белгілі саяси, қоғам қайраткерлері, сарапшылар қатарынан
құралған қоғамдық пікірлер жетекшілерінің қалыптасқан және тұрақты кеңейе түсіп
отырған топтары шоғырланған тиімді коммуникациялық арналарды кеңейту
жалғасатын болады.

Мақсатты шетелдік аудиториялар арасында Қазақстан туралы орнықты оң көзқарас
қалыптастыру, сондай-ақ объективті ақпарат тарату үшін өзіміздің тиімді
құралдарымызды дамыту мақсатында ағылшын тілінде - www.kazakhstanlive.com, орыс
тілінде www.kazakhstanlive.ru ақпараттық-анықтамалық порталдар құрылған,
Қазақстанның дипөкілдіктеріндегі сайттар жетілдірілуде, заманауи интерактивті
интернет сегменті - блогосфера белсенді пайдаланылады, онда Қазақстан тақырыбын
тақырыптық талқылауға тұрақты түрде бастамашылық жасалып толтырылады.

Қазақстанның әлемдегі негізгі оң сипаттағы бейнесі келесі стратегиялық идеологем
негізінде құрылуға тиіс:

Қазақстан табысты жаңғыру үстіндегі және бәсекеге қабілетті, құқықтық және
демократиялық мемлекет;

Қазақстан - орталық азиялық өңірді дамытудың локомотиві, әлемдік экономиканың
маңызды элементі;

Қазақстан - өзіндік төл мәдени-тарихи мұралары бар ел, толеранттылықты,
этностарды және діндерді құрметтейтін, мәдениеттер өзара кірігетін жер;

Нұрсұлтан Назарбаев - халықаралық ауқымдағы беделді мемлекет қайраткері.

Қазақстан мемлекетінің басшысы тарихи тұрғыдан алғанда өте қысқа мерзімде
Қазақстанды қиындық пен күйзеліс кезеңінен сенімді де тұрақты өсу жолына алып
шыға білді, ол сөз жоқ, еліміздің қазіргі заманауи бейнесінің қалыптасуы үшін шешуші
тұлға болып табылады. Қазақстан жетекшісінің ТМД кеңістігіндегі және түркі әлемінде
айтарлықтай беделді саясаткер ретінде танылып отыруы да тегін емес.

Қазақстан Президентінің әлемдік саясат жетекшілері арасындағы халықаралық
беделі мен жоғары мәртебесі, жоғарғы мемлекеттік лауазымдағы оның реформаторлық
және көреген саясаты Қазақстан имиджін ілгерілету жөніндегі тиімді жұмысты қоса
жүргізуге мүмкіндік береді.

Ғаламдық бәсекелестік жағдайында өзінің халықаралық ұстанымын күшейте түсу
үшін қоғамдағы және экономикадағы жаңғыртушылық әлеуетін барынша тиімді
пайдалануға ұмтылған серпінді мемлекет сипатындағы Қазақстанның ұстанымы
стратегиялық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Негізге алынатын тезистердің бірі - Қазақстанның сыртқы саясатының үшінші бір
мемлекеттердің геосаяси мүдделеріне тәуелді болмайтын дербестігі және оның аса
белсенділік сипаты болуға тиіс. Сонымен қатар, 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның, ал 2011 жылы
ИКҰ-ның төрағасы, сондай-ақ өркениеттің жаһандық үнқатысулары орталықтарының

Мақсатты индикатор: Өзбекстан Республикасымен және Түрікменстанмен мемлекеттік шекараны халықаралық-құқықтық ресімдеуді аяқтау;						
Қырғыз Республикасымен мемлекеттік шекараның өту сызығының 90% жергілікті жерге бекітіп беру;						
Ресей Федерациясымен мемлекеттік шекараның өту сызығының 30% жергілікті жерге бекітіп беру						
1-міндет. Өзбекстан Республикасымен және Түрікменстанмен құрлықтағы мемлекеттік шекараны демаркациялауды аяқтау						
Мемлекеттік шекара сызығы өтуінің хаттама-сипаттамаларын, демаркациялық карталарды, Өзбекстан Республикасымен және Түрікменстанмен шекаралық белгілер хаттамаларын даярлау	Құжаттар пакеті			2		
шекаралық белгілердің координаттар және биіктік каталогын, Өзбекстан Республикасымен және Түрікменстанмен шекара белгілері бағаналарының өзара орналастыру сызбасын, Өзбекстан Республикасымен аралдардың тиесілілігі кестелерін даярлау	Құжаттар пакеті				2	
Өзбекстан Республикасымен және Түрікменстанмен демаркациялау туралы шарттарды жасасу	Құжаттар пакеті					2
2-міндет. Өзбекстан Республикасымен және Түрікменстанмен демаркациялау туралы шарттарды жасасу						
Жергілікті жерлерге мемлекеттік шекараның өту сызығын бекіту	шекараның жалпы ұзындығының %-ы			10	10	10
3-міндет. Қазақстан-Қырғыз мемлекеттік шекарасында демаркациялау жұмыстарын жүргізу						
Жергілікті жерлерге мемлекеттік шекараның өту сызығын бекіту шекараның жалпы ұзындығының	шекараның жалпы ұзындығының %-ы			30	30	30
2-мақсат. Каспий теңізін тиімді пайдалану мақсатында оның құқықтық мәртебесін реттеу						
Мақсатты индикатор: Каспий теңізінің мәртебесіне байланысты халықаралық шарттардың жобаларын әзірлеу мен келісу						
1-міндет. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның жобасын келісу						
Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны әзірлеу жөніндегі Арнаулы жұмыс тобының отырыстары	Отырыстар саны			5 - ке дейін	5-ке дейін	5 - ке дейін
3-мақсат. Ғаламдық және өңірлік қауіпсіздік жүйелерінің тиімділігін арттыру						
Мақсатты индикатор: Жергілікті жанжалдар туындауы қауіпін азайту. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы мен Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының шеңберлерінде өзара іс-қимыл жасау арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетіктерін іске асыру, АӨСШК сенімділік шаралары каталогын орындау						
1-міндет. Азиядағы өзара іс-тетіктерін пайдаланып, Азияда қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) сенім мен ынтымақтастық кеңістігін құру						
Сенім шаралары жөніндегі мынадай құжаттарды қабылдау:						
Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі тұжырымдамалары;	Құжаттар пакеті			2		
Жаңа сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы тұру жөніндегі іс-қимыл жоспары						

Туризм саласындағы ынтымақтастық тұжырымдамалары;	Құжаттар пакеті				5	
Шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы ынтымақтастық тұжырымдамалары;						
Қауіпсіз және тиімді көлік дәліздері жүйесін дамыту жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамалары;						
АӨСШК III Саммитінің қорытынды саяси құжаты						
Ақпараттық технологиялар мен энергетикалық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық тұжырымдамалары;	Құжаттар пакеті					3
Төтенше жағдайларды, табиғи апаттарды, дағдарыстар мен су ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамалары;						
Экологиялық проблемалар жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамалары						
2-міндет. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) кеңістігінде қыр көрсетулер мен қауіпсіздік қауіп-қатерлеріне бірлесіп қарсы тұру						
Өңірде бейбітшілікке, қауіпсіздікке және тұрақтылыққа қауіп төндіретін ахуалдарға бірлесіп әрекет жасау туралы мынадай құжаттарды қабылдау:						
ШЫҰ шеңберінде терроризмге қарсы құрылымдар үшін кадрлар даярлау туралы келісім	Құжаттар пакеті			1		
ШЫҰ терроризмге қарсы конвенциялары;	Құжаттар пакеті				3	
ШЫҰ-ның қару-жарақтың оқ-дәрінің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімі;						
ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығуларын ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы келісімі						
ШЫҰ-ның өңірдегі бейбітшілікке, қауіпсіздікке және тұрақтылыққа қауіп төндіретін ахуалға қарсы бірлесе әрекеттету туралы шарттары	Құжаттар пакеті					
3-міндет. ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің саяси және әскери ынтымақтастығы тетіктерін жетілдіру						
Ұйымның коалициялық әскери құрылысы жоспарын іске асыру шеңберінде ҰҚШҰ-ның 2010 жылға дейінгі кезеңге және одан арғы болашаққа арналған құжаттарын қабылдау;	Құжаттар пакеті			1		
ҰҚШҰ-ның шұғыл әрекет етудің ұжымдық күшін (ШӘҰК)құру						
4-міндет. Қазақстанға ғаламдық дінаралық диалогты дамыту орталықтарының бірі мәртебесін бекіту						
2009 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің Үшінші Съезінің қорытынды құжаттарын қабылдау.						
Қазақстан бастамашылығы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған "2010 жылды						

мәдениеттердің халықаралық жақындасу жылы деп жариялау" туралы қарарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын 2009 жылы қабылдау және 2011 жылы орындау.	Құжаттар пакеті			1	1	
Қазақстанға әлемдік дінаралық диалог орталықтарының бірі мәртебесін бекітіп беру						
2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылының тиімділігін көтеру						
1-мақсат. "Еуропаға жол" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру						
Мақсатты индикатор: Еуропалық елдермен жыл сайынғы тауар айналымын 10% ұлғайту үшін қолайлы жағдайлар жасау.						
Жыл сайын мемлекеттер және үкіметтер басшылары деңгейінде 5 сапармен алмасу (халықаралық іс-шаралар кестесіне сәйкес), жетекші еуропалық елдермен әріптестік туралы келісімдерге (стратегиялық әріптестік, болашаққа бағытталған әріптестік және т.б.) қол қою (2009-2011 жж.).						
Қазақстан Республикасының еуропа құрылығындағы мүдделерін ілгерілету, демократиясы серпінді даму үстіндегі және еуропалық инвесторлар үшін перспективалы нарығы бар ел ретінде Қазақстанның имиджін нығайту						
1-міндет. Еуропалық елдермен технологиялық салада ынтымақтастықты кеңейту						
еуропалық елдермен өнеркәсіп саласындағы технологиялық ынтымақтастық туралы келісім жасасу;	Құжаттар пакеті			1	1	1
қазақстандық технология трансферті жүйесінің еуропалық технология трансферті жүйесіне енуі;						
био-және нанотехнологиялық саласында, әр түрлі салаларда бірлескен зерттеулер жүргізу						
2-міндет. Еуропалық елдермен энергетикалық салада ынтымақтастықты кеңейту						
Еуропа елдерінен отын-энергетика кешенінің инфрақұрылымдық объектілерін сатып алу мүмкіндіктерін қарастыру	Құжаттар пакеті			1	1	1
3-міндет. Еуропалық елдермен көлік және коммуникация саласында ынтымақтастықты кеңейту						
ЕО-мен қазақстан және панъеуропалық көліктік жүйелерінің түйісуі контекстінде көліктік жүйелерді дамыту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою	Құжаттар пакеті					1
4-міндет. Еуропалық елдермен техникалық реттеу мен метрология саласында ынтымақтастықты кеңейту						
ЕО елдерінің талаптарына сәйкес келетін техникалық регламенттер қабылдау;	Құжаттар пакеті				1	1
ЕО елдерінің талаптарына сәйкес келетін үйлесімді стандарттар қабылдау;						
ЕО елдерінің талаптарына сәйкес келетін сынақ және өлшеу зертханаларын аккредиттеу;						
ұлттық эталондық базаның еуропалық үлгілерге сәйкестігіне қол жеткізу						
Стандарттау және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдарға, соның ішінде Еуропалық стандарттау жөніндегі комитетке (CEN), Халықаралық Аккредиттеу жөніндегі ұйымға (ILAC), Аккредиттеу жөніндегі халықаралық форумға (IAF) кіру	Құжаттар пакеті					1
5-міндет. Шағын және орта бизнес саласында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту						

Қазақстанның ЕО-ның жыл сайынғы халықаралық көрмелеріне келесі қатысуымен қазақстандық тауарларды экспорттық ілгерілету үшін жағдай жасау мақсатында Еуропа нарықтарына талдау жүргізу	Құжаттар пакеті			1		
6-міндет. Гуманитарлық салада және өмір сапасы саласындағы ынтымақтастықты дамыту						
бұрынғы Семей ядролық сынақполигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2009-2011 жж. арналған бағдарламаның жобасын әзірлеу;	Құжаттар пакеті			1		
қарқынды егін шаруашылығы бар аудандардағы далалық ландшафтардың шөлейттенуінің экологиялық болжамының ғылыми негіздерін әзірлеу, жерді пайдаланудың орнықты жүйесі әдістерін белгілеу;	Құжаттар пакеті			1	1	1
еуропалық елдермен әскери білім беру және әскери-ғылыми қызмет саласындағы келісімдерге қол қою						
2-мақсат. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымда (ЕҚЫҰ) Қазақстанның рөлін көтеру						
Мақсатты индикатор: Қазақстанның ұлттық мүдделерін іске асыру үшін ЕҚЫҰ-ның құралдарын әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық салаларда (бұдан әрі - ЕҚЫҰ-ның үш өлшемі) пайдалану.						
1-міндет. Қазақстан Республикасының 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі үшін жағдайлар жасау						
"Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуінің басымдықтары" құжатын әзірлеу және 2009 жылы қабылдау	Құжаттар пакеті			1		
2-міндет. ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Ауғанстанды әлеуметтік-экономикалық оңалту жөніндегі ұжымдық күш-жігерлеріндегі Қазақстан Республикасының шешуші рөлін қамтамасыз ету						
ЕҚЫҰ-ның Ауғанстанға жәрдемдесу жөніндегі шешімдерін, соның ішінде шекаралардың қауіпсіздігі, полиция кадрларын даярлау және ҚР Үкіметінің 2009-2011 жылдарға арналған Ауғанстанға жәрдем көрсету жөніндегі жоспарының шеңберінде есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы жобаларды іске асыруға қатысу	Құжаттар пакеті			1	1	1
3-міндет. ЕҚЫҰ-ға төрағалық өту кезеңінде қазақстандық бастамашылықты ілгерілету						
Афинада ЕҚЫҰ-ның 17-ші СІМК шешімдері жобаларын әзірлеуде грек төрағалығына жәрдемдесу	Құжаттар пакеті			1		
Астанада ЕҚЫҰ-ның СІМК 18-ші саяси декларациясын қабылдау. ЕҚЫҰ үш өлшемі бойынша СІМК-нің шешуші шешімдерін қабылдау	Құжаттар пакеті				1	
Вильнюсте ЕҚЫҰ 19-шы СІМК шешімдерінің жобаларын әзірлеуде литва төрағалығына жәрдемдесу.	Құжаттар пакеті					1
4-міндет. ЕҚЫҰ құрылымдарында жұмыс істейтін Қазақстан Республикалық азаматтарының санын көбейту						

ЕҚЫҰ орталық органдары мен далалық миссиялары жұмыстарына жіберілетін ҚР азаматтарының саны	Адам саны			2	3	4
ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердегі бақылаушылар миссияларына қатысатын ҚР өкілдерінің саны	Адам саны			42	150	150
3-мақсат. Қазақстанның мұсылман әлеміндегі рөлі мен беделін арттыру						
Мақсатты индикатор: 2011 жылы Қазақстанның ИКҰ СІМК-дегі төрағалығы						
1-міндет. Қазақстанның ИКҰ-дағы қызметін жандандыру						
Қазақстанның ИКҰ Тұрақты Комитетінің Ғылыми және техникалық ынтымақтастық жөніндегі хатшылығына қосылуы туралы шартқа қол қою	Құжаттар пакеті			1		
Қазақстанның Ислам ынтымақтастығын дамыту қорына бір млн. АҚШ доллары көлемінде ерікті түрде жарна бөлуі.	Жарна			1		
Астанада Дүниежүзілік Исламэкономикалық Форумын ұйымдастыру және өткізу	Форум өткізу					1
2-міндет. ИКҰ органдарында жұмыс істейтін ҚР азаматтары санын арттыру						
ИКҰ жұмыс органдарында ҚР азаматтарының саны	Адам саны				2	4
4-мақсат. Негізгі геосаяси ықпал ету орталықтарымен өзара іс-қимылды одан әрі дамыту (Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Жапония, Үндістан, араб әлемінің жетекші мемлекеттері)						
Мақсатты индикатор: Орнықты даму үшін күштердің теңгерімділігін сақтау, сыртқы қолайлы жағдайды қамтамасыз ету және ҚР ұлттық мүдделерін ілгерілету. Сауда-экономикалық, инвестициялық, технологиялық және энергетикалық ынтымақтастықты өрістету.						
Жыл сайынғы тауар айналымының өсуі (3 жыл ішіндегі өсу серпінін есепке алғандағы есептер):						
Ресей Федерациясымен - 2009 - 2011 ж. - 5%;						
Қытай Халық Республикасымен - 2009 - 2011 ж. - 5%;						
Америка Құрама Штаттарымен - 2009 ж. - 3%, 2010 ж. - 5%, 2011 ж. - 6%;						
Жапониямен - 2009 - 2011 жж. - 3%;						
Үндістанмен - 2009 - 2011 жж. - 3%;						
араб әлемінің жетекші мемлекеттерімен — 2009 - 2011 ж.-10%						
1-міндет. Ресей Федерациясымен одақтық қатынастарды нығайту						
2007 - 2008 жылдарға арналған Қазақстан мен Ресейдің бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыруды бақылау;						
2009 - 2010 жылдарға арналған Қазақстан мен Ресейдің бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеу, бекіту және іске асырылуын бақылау						
Жыл сайын аса жоғарғы және жоғары деңгейдегі сапарлармен алмасу (халықаралық іс-шаралар кестесіне сәйкес).	Сапарлар			6-8	6-8	6-8
Жыл сайын 7-10 құжатқа қол қоятырып, келесі бағыттар бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту:						
отын-энергетикалық кешен (Қазақстан мұнайы мен газын өндіру, өңдеу және РФ құбыр желісі жүйесі бойынша еуропа нарықтарына шығару, электроэнергетика және атом энергиясын бейбіт мақсатқа пайдалану саласындағы ынтымақтастық);						

көлік және коммуникация (екі елдің тарифтік саясатын біріздендіру, көлік дәліздерін дамыту);	Құжаттар пакеті			7-8	10	10
шекаралық ынтымақтастық (бақылаудан өту рәсімдерін жеңілдету; халықаралық сауда орталықтарын, бірлескен өткізу бекеттерін құру);						
